**Мергендік кешендер мен пистолеттер импортына рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар N 46

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Арыстан" қызметі мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - "Арыстан" қызметі) "Арыстан" қызметі мен " Juwenta DB" қаржы корпорациясы (Германия) арасында жасалған 2001 жылғы 12 желтоқсандағы N 24/179 шарт-тапсырмасы бойынша қосымшаға сәйкес номенклатурада және санда мергендік кешендер (СЭҚ ТН коды 930100000) мен пистолеттер (СЭҚ ТН коды 930200100) импортына рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Арыстан" қызметіне осы қаулының 1-тармағында көрсетілген арнайы бұйымдар импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау комитеті Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген өнімдерді бақылау мен кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 46 қаулысына қосымша

## ҚР ҰҚК-нің "Арыстан" қызметі мен "Juwenta DB" қаржы корпорациясы ( Германия) арасында 2001 жылғы 12 желтоқсандағы N 24/179 шарт-тапсырмасы бойынша берілетін арнайы құралдардың номенклатурасы және саны

---------------------------------------------------------------

| Р\с N | Атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Бірлік бағасы АҚШ долларымен | Жалпы құны АҚШ долларымен |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | SSG 3000 стандарттық болжам | дана | 18 | 2255 | 40590 |
| 2 | Қару мен оптиканың орыс тіліндегі нұсқаулығы | дана | 18 | 46,51 | 837,26 |
| 3 | Қатты кейс | дана | 18 | 439,48 | 7910,64 |
| 4 | Жұмсақ кейс- жол дорба | дана | 18 | 410,4 | 7387,2 |
| 5 | Жаттығу жиынтығы-22 сан. | дана | 18 | 671,03 | 12078,54 |
| 6 | Атуға арналған белбеу | дана | 18 | 48,37 | 870,66 |
| 7 | Тасымалдауға арналған белбеу | дана | 18 | 30,09 | 541,62 |
| 8 | Жер ошақ | дана | 18 | 213,07 | 3835,26 |
| 9 | Оқ жатар - оқтізер | дана | 18 | 228,68 | 4116,24 |
| 10 | Тұншықтырғыш - ұңғы | дана | 18 | 1022,3 | 18401,4 |
| 11 | Барлық кепілдік мерзімге арнал. ған әртүрлі құрамдармен тазалау және майлау үшін жиынтық | дана | 18 | 136,8 | 2462,4 |
| 12 | Барлық кепілдік мерзімге арнал. ған қосалқы саймандар жиынтығы | дана | 18 | 177,84 | 3201,12 |
| 13 | Оптика мен сынақатыс монтажы | дана | 18 | 238,03 | 4284,54 |
| 14 | Шағылысқа қарсы | дана | 6 | 1503,43 | 9020,58 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорғауышы бар Smith & Bender 4-16x50 MiDot | | | | |
| 15 | Қызыл нүктесімен шағылуға қарсы қорғауышымен Smith & Bender 3-12x50 MiDot | дана | 6 | 1532,16 | 9192,96 |
| 16 | Қызыл нүктесісіз шағылысқа қарсы қорғауышы бар Smith & Bender 3-12x50 MiDot | дана | 6 | 1436,4 | 8618,4 |
| 17 | Солақайға арналған жиынтық | дана | 1 | 192,16 | 192,16 |
| 18 | Шағылысқа қарсы қорғағыш + антиблик | дана | 18 | 62,79 | 1130,22 |
| 19 | Sig Sauer SP 2009 пистолеті (жиынтықта) | жиынтық | 4 | 832,2 | 3328,8 |
| | Жиыны | | 275 | | 138000 |

---------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК